



КӨЛЕҢКЕГЕ  
КҮН ҚАШАН ТҮСЕДІ?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



«ЖІБЕК ЖОЛЫ»  
ЖЫЛДАМ ӨСІП КЕЛЕДІ

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан мен ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беріп отырмын. Осы өзекті мәселе бойынша сайлау алдындағы бағдарламада арнайы өз пікірімді айттым. Себебі ғылымды дамыту – мемлекет саясатындағы ең маңызды бағыттың бірі. Өкінішке қарай, елімізде ұзақ жыл бойы оған баса назар аударылған жоқ. Соған байланысты шешімін таппай жатқан мәселелер аз емес. Тіпті, бұл сала артта қалды деуге болады. Біз өркениетті ел боламыз десек, осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек.

№43  
(4476)  
Бейсенбі  
13 сәуір  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ – ӘЛЕУМЕТ МҮДДЕСІ

Мемлекет басшысы жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясында елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең өзекті мәселенің бірі екенін атап айтты. Осы орайда Үкімет жергілікті басқару органдарына әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырудың жаңа тәсілдерін іске қосуды тапсырды. Астана қаласының әкімдігі де Үкімет тапсырмасы бойынша жүйелі іс-шараларды қолға алды.



14 сәуір күні сағат 16:00-де Сауран көшесі, 5/1 мекенжайында орналасқан №59 мектеп-лицейде қала әкімі Жеңіс Қасымбектің Есіл ауданының тұрғындарымен есептік кездесуі өтеді. Тікелей эфир Астана қаласы Есіл ауданы әкімі аппаратының Facebook-тегі парақшасында көрсетіледі.



Қаражаттың едәуір көлемі тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын нығайтуға, жол-көлік желісін ұстауға және дамытуға бағытталады.

Астана қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев мәслихат отырысында елорданың 2023 жылға арналған түзетілген және нақтыланған бюджетінің жалпы көлемі 1 трлн 120 млрд 955 млн теңге болғанын мәлім етті.

Басқарма мәліметінше, нақты түсімдер талдауына сәйкес, жеке кірістер бойынша жоспар 71,5 млрд теңгеге дейін ұлғайтылады. Оның ішінде салықтық түсімдер бойынша 60 млрд теңгеге, салықтық емес түсімдер бойынша 9,5 млрд теңгеге арттыру ұсынылды.



1961 жылы 12 сәуірде ғарышқа ұшқан тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннен кейін 500-ден астам адам сапар шеккен.

Ғарыш әлемінде болған ғарышкерлер арасында қазақтың үш ғарышкері - Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов бар.

Тоқтар Әубәкіров ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минут, Талғат Мұсабаев 341 күн 9 сағат 48 минут, ал Айдын Айымбетов 9 күн 20 сағат 13 минут болған.



## МҰНАЙШЫЛАР ТАЛАПТАРЫ ЗАҢ АЯСЫНДА ШЕШІЛЕДІ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ байланыс тобы мен Жаңа-өзеннен елордаға арнайы келген «БерӘлі Маңғыстау Сопрапу» ЖШС мұнайшыларымен келіссөз жүргізді.

ҚМГ байланыс тобы мен «БерӘлі Маңғыстау Сопрапу» өкілдері арнайы жұмыс комиссиясын құру туралы келісімге келді. Бұл комиссия «БерӘлі Маңғыстау Сопрапу» компаниясының бұрынғы қызметкерлерінің талаптарын заң аясында шешу үшін қарастыратын болады.

«Комиссия құрамына «БерӘлі Маңғыстау Сопрапу» компаниясының бұрынғы қызметкерлерінің 10 адамы

кіреді. Құқық қорғау органдары ұстаған қалған мұнайшылар қамаудан босатылып, Астана уақыты бойынша 8:57-де пойызбен Жаңаөзен қаласына кетті» делінген «ҚазМұнайГаз» хабарламасында.

Келіссөздер алдағы уақытта жалғасатын болады.

10 сәуірде 60-70 мұнайшы Энергетика министрлігінің алдында наразылыққа шыққан болатын.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 489.75 \$ USD/KZT 448.82 ₪ RUB/KZT 5.46 ¥ CNY/KZT 65.05

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫ ӘЗЕРБАЙЖАНҒА ЖӨНЕЛТІЛДІ

Осы аптада Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевтің елімізге ресми сапармен келгенін газеттің өткен санында жаздық. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әріптесімен келіссөздер жүргізіп, Жоғары мемлекетаралық кеңес құру туралы хаттамаға қол қойды.

Бұл құжат бауырлас елдердің қарым-қатынасын жаңа деңгейге шығарады дегуге болады. Жалпы, Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы тауар айналым көрсеткіші жақсы, былтыр 40 пайызға артып, жарты миллиард долларға жуықтады. Президент бұл көрсеткішті 1 миллиард долларға жеткізуге болатынын айтты. Екіжақты келіссөздер аясында мынадай келісімдер жасалды:

– Биыл Қазақстан мұнайының алғашқы партиясы Әзербайжанға жөнелтілді. Ол Әзербайжан арқылы әлемдік нарыққа жол тартады. Бауырлас ел арқылы экспортталатын мұнай көлемі арта түседі.

– Каспий теңізінің табаны арқылы талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Мақсат – әлемдік интернет желісіне балама жолдар арқылы қосылып, оның жылдамдығын арттыру.

– Транскаспий халықаралық көлік бағытын жетілдіріп, отандық тауарларды әлемдік нарыққа шығару жұмысы жалғаса береді.

– Әзербайжанның кабельдік операторлар желілерінде қазақстандық телеарналардың хабары таратылады, сондай-ақ анимациялық фильмдер дистрибуциясы іске асады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Астананың орталығындағы Гейдар Әлиев атындағы көшені салтанатты түрде ашты. Мемлекет басшысы былтыр Әзербайжанға ресми сапары барысында Ильхам Әлиевпен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту жөнінде келісімге келгенін еске салып, бұл, ең алдымен, екі елдің достық қарым-қатынасын бекемдей түсу үшін өте маңызды қадам екенін айтты. «Гейдар Әлиев секілді әлемдік деңгейдегі тұлғаның атын ұлықтау – біздің парызымыз. Астанада оның есімімен аталған жаңа көшенің ашылуы – біздің осы игі іске қосқан маңызды үлесіміз. Әзербайжан халқының ұлы перзентіне деген зор ілтипатымыз әрі шынайы құрметіміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз сөзінде Гейдар Әлиевтің күрделі кезеңде ел билігін қолға алып, Әзербайжанның мемлекеттілігін нығайтуда зор рөл атқарғанын атап өтті. «Гейдар» есімі «алдыңғы шепте жүруші» деген мағына береді. Мұның символдық мәні бар. Оны қазіргі қарқынды даму жолына түскен Әзербайжанның архитекторы десек, артық айтқандық емес. Оның салиқалы басшылығымен Әзербайжанда елеулі саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жасалды. Ел қиын кезеңдерді еңсеріп,

дамудың даңғыл жолына түсті. Әлемдік қоғамдастықтың беделді мүшесі болды. Шын мәнінде, Гейдар Әлиев есімі Әзербайжанның нағыз брендіне айналды. Оның өмір жолы – ұлтқа адал қызмет етудің жарқын үлгісі» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев біздің елімізге ресми сапары аясында осындай керемет тарихи сәтке куә болып отырғанына қуанышты екенін жеткізіп, Гейдар Әлиевтің тәуелсіз Әзербайжан мемлекетінің қалыптасуындағы тарихи рөліне тоқталды.

Сонымен қатар Ильхам Әлиев Қазақстан Президенті мен халқы әлеуметтік-экономикалық даму жетістіктерімен құттықтап, еліміздің халықаралық аренадағы беделі зор екенін атап өтті. Кездесуде Ильхам Әлиев Физули қаласында Қазақстанның қаржыландырылуымен салынып жатқан Құрманғазы атындағы шығармашылықты дамыту орталығы және еліміздің сыртқы саясаттағы бейбіт ұстанымы үшін алғыс айтты. Салтанатты рәсімнен кейін Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Астана қаласындағы Ботаникалық бақта ағаш отырғызды. Одан кейін екі ел басшылары «Астана» халықаралық қаржы орталығын аралап, Халықаралық соттың жұмысымен танысты.

## МАҚСАТЫМЫЗ – КӨШБАСШЫ ЕЛДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңестің алғашқы отырысын өткізді. Жиында еліміздің ғылыми-техникалық саясатының алдағы бағыттары айқындалды. Президент қай заманда да дамудың басты кілті ғылым екенін атап өтті.

«Адамзат тарихындағы жетістіктің барлығы – білімнің жемісі. Әсіресе қазіргі озық технология дәуірінде ғылымсыз алға басу мүмкін емес. Сондықтан мен ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беріп отырмын. Осы өзекті мәселе бойынша сайлау алдындағы бағдарламада арнайы өз пікірімді айттым. Себебі ғылымды дамыту – мемлекет саясатындағы ең маңызды

бастады. Бірақ мұның бәрі жеткіліксіз. Ғылым саласы әлеуметтік-экономикалық өркендеуге әлі де тың серпін бере алмай отыр. «Соңғы бес жылда ғылымға бөлінетін қаржы 60 пайызға артты. Ал ішкі жалпы өнімдегі ғылымның үлесі, керісінше, 0,13 пайызға төмендеді. Бұл қаражаттың басым бөлігі, нақтырақ айтсақ, 70 пайызы бюджеттен бөлінеді. Сондай-ақ ғылымның

«Бірақ осы жерде ашық айтуым керек: бізде академиктер тым көп, кейбір академиктердің таза ғылымға еш қатысы жоқ. Бір қарағанда, академик деген аты бар. Бірақ ғылымды дамытуға қосқан үлесін ешкім білмейді. Осындай академиктердің ғылыми сапасы да, олардың ғылымға қосқан үлесі де күмәнді. Бұл Академияға нұқсан келтіргені сөзсіз. Сондықтан Ака-



бағыттың бірі. Өкінішке қарай, елімізде ұзақ жыл бойы оған баса назар аударылған жоқ. Соған байланысты шешімін таппай жатқан мәселелер аз емес. Тіпті, бұл сала артта қалды дегуге болады. Біз өркениетті ел боламыз десек, осы олқылықтың орнын толтыруымыз керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ғылым мен технологияның өте қарқынды дамып жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, ғылым саласы қаржы айналымы миллиардтаған долларды құрайтын алып индустрияға айналды. Технологиялық ірі корпорациялардың құны триллион долларға жеткен. Нейрожелі және жасанды интеллект революциялық үдерістерге бастау болып жатыр. «Бір сөзбен айтсақ, заман өте жылдам өзгеріп жатыр. Біз осы өзгеріске бейімделуіміз керек. Әйтпесе өркениет даңғылынан қалып қоюымыз мүмкін. Түпкі мақсатымыз – көшпенді елдердің қатарында болу» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы жылдары ғылым саласында біршама өзгеріс болғанын атап өтті. Атап айтқанда, ғылымды қаржыландыру тәсілдері жақсарып, қаржы көлемі едәуір артты. Ғылыми мекемелер біртіндеп жаңғыртылып жатыр. Әлемге әйгілі ғылыми орталықтарда тәжірибеден өткен мамандар саны көбейіп келеді. Жастардың ғылымға деген қызығушылығы ояна

түрлі саласын қаржыландыру ісінде өте үлкен теңсіздік бар. Қаражаттың 82 пайызы іргелі және қолданбалы ғылымға жұмсалады. Қалған 18 пайызы ғана тәжірибелік-конструкторлық зерттеулерге арналған. Елімізде ғылыми зерттеулерді іске жаратып, қолданысқа енгізетін өндіріс өте аз. Бұл жағдай көш соңында жүргенімізді көрсетеді. Сондықтан ғылымдарымызға айрықша міндет жүктеледі. Ғылым саласы ұлттық экономиканы жаңғырту ісінде аса маңызды рөл атқаруға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

«Ғылымды мемлекет тарапынан қаржыландыруға ғылымдар, нақтырақ айтқанда, псевдоғалымдар «майшелпек» ретінде қарамауы керек екенін баса айтқым келеді. Қаржы гранттарының көбінесе ғылыми маңызы, өзектілігі жоқ жобаларға берілетіні ешкімге жасырын емес. «Парасат» ғылыми холдингінде болған өкінішті жағдай – осының анық мысалы. Бөлінген қаражаттың бәрі құмға сіңген судай болды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамыудың жаңа үлгісіне сәйкес Ұлттық ғылым академиясының рөлі ерекше болатынын айтты. Жақында Ғылым академиясына Президент жанындағы орган мәртебесі берілді. Оны қаржыландыру мәселесі шешілді. Академиктерге өмір бойы стипендия төленетін болды.

демияның жаңа басшылығы осы маңызды мәселеге назар аударуы керек. Ғылым академиясының беделі, абыройы мінсіз болуы қажет. Нағыз ғылым болуы – академик не болмаса доктор атағына ие болуы емес, осы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл Әділетті Қазақстанды құру жолындағы ұстау қажет. Академияның жұмысы түбегейлі өзгеруге тиіс» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның жаңа үлгісі мемлекет пен бизнестің әріптестігіне негізделуге тиіс екенін атап өтті. Оның айтуынша, осы тәсіл әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл Әділетті Қазақстанды құру жолындағы стратегиялық бағдарларымызға толық сай келеді. Президент сөзін қорытындылай келе, елімізде Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сияқты ғұламалардың жолын қуған ғалымдардың жаңа буыны шығатынына нық сенімді екенін айтты және жиынға қатысқан ғалымдарды Ғылым күнімен құттықтады.

Кунсулу Закария Ұлттық ғылым академиясының президенті лауазымына тағайындалды.

Ол бұған дейін ҚР ДСМ «Биологиялық қауіпсіздік проблемасын ғылыми-зерттеу институты» РМҚ Бас директоры, «QazBioPharm» Ұлттық холдингі АҚ Бас директоры қызметтерін атқарды.

## ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.



Президентке еліміздегі жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде есеп берілді. Атап айтқанда, бірінші тоқсанда 500-ден астам жемқорлық қылмыс тіркеліп, 400-ден аса тұлғаның жемқорлық әрекеті әшкереленді. Оның 53-і – әртүрлі деңгейдегі басшылар.

Асхат Жұмағалидың айтуынша, биыл 23 қаңтардан бастап шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту

жолындағы әкімшілік кедергілерді жоюға бағытталған «Бизнеске жол» жобасы іске қосылған. Жоба аясында шамамен 7 мың кәсіпкер көмек алып үлгерді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына жемқорлыққа жол бермеу үшін қабылданып жатқан алдын алу және сақтандыру шаралары жөнінде мәлімет берілді. Осы ретте биыл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет сыбайлас

жемқорлыққа әкеп соқтыратын қатерлерді жоюға қатысты 769 ұсыным мен ұсыныс енгізді.

Президент жемқорлыққа итермелейтін жүйелі себептер мен жағдайларды жою аса маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы жоғары лауазымды тұлғалар арасындағы сыбайлас жемқорлықты анықтауға және оның жолын кесуге баса мән беруді тапсырды.

### СҮБЕЛІ СӨЗ

Алтай КӨЛГІНОВ, Премьер-министрдің орынбасары:

**2035 жылы Астана халқының саны 2,5 млн адамға жетеді. Осыған орай, қаланың бас жоспары қайта жасалуда. Бұл құжатта ең бірінші кезекте әлеуметтік нысандар, әсіресе мектептер салу**

**қарастырылады. Меніңше, жаңа бас жоспарда бұрынғы қателіктер ескеріліп, елордада 2035 жылы су, канализация және көлікке қатысты мәселелер болмайтынына үмітіміз зор.**



## ҚАЛА БЮДЖЕТІ ҰЛҒАЙДЫ

Жаңадан сайланған VIII шақырымдағы мәслихат депутаттары іске белсенді кірісіп кетті. Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясына қала әкімі Жеңіс Қасымбек қатысып, алдағы ауқымды бастамаларымен бөлісті.

### Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

– Президенттің тапсырмасына сәйкес, елорданы абаттандыру мен көгалдандыру жұмысына басымдық береміз. Осы аптаның сенбісінде жалпы сенбілік ұйымдастырып, 1 миллион түп көшет отырғызылады. Бұл бастаманы астаналық кәсіпкерлер қолдап отыр. Апаттық үйлердің мәселесін шешу де өзекті. Одан бөлек, ауызсу, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру және тағы басқа мәселелер бар. Бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыруда қалалық бюджет 71,5 миллиард теңгеге ұлғайды. Үкімет бюджетті нақтылау кезінде 235 миллиард теңгені қарастырып, Астана

қаласын дамытуға бағыттап отыр. Бұл қаржы ең маңызды салалардың мәселесін шешуге жұмсалады, – деді қала басшысы.

Сондай-ақ Жеңіс Қасымбек жаңадан ашылған Нұра ауданына және Сарыарқа ауданына әкім кандидатурасын ұсынды. Мәслихат сессиясының күн тәртібіне он екі мәселе енгізіліп, депутаттар оны жан-жақты талқылады.

Астана қаласының 2023-2025 жылдарға бюджеті нақтыланды. Бұл туралы баяндама жасаған Астана қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев 2023 жылға арналған түзетілген және нақтыланған бюджетінің жалпы көлемі 1 триллион

120 миллиард 955 миллион теңге болғанын мәлімдеді.

«Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету қағидасына» өзгерістер енгізу, жер учаскелерін иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келісу, Тексеру комиссиясы төрағасының жұмысына бағалау жүргізу бойынша өкілеттіктерді жүктеу және тағы басқа мәселелер қаралды.

Сессияда депутаттар қала әкіміне сайлаушыларының аманатын жеткізіп, өзекті мәселелерді бірлесе шешуге шақырды. Бұл ұсынысқа бас қаланың басшысы ықылас білдіріп, тіпті еркін форматта кездесу өткізіп, әрбір мәселені жеке-жеке талқылауға дайын екенін жеткізді.

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Кезекті рет өткен Астана қаласы Қоғамдық кеңесінде қалалық мәслихаттың 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №274/36-VII «Астана қаласының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелер қаралды.

Қоғамдық кеңес басшысы Зулфухар Ғайыповтың төрағалығымен өткен отырыста қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев баяндама жасады. Ал кеңес мүшесі Кәрімбек Құрманәлиев тіл мәселесін көтерді.

– Тіл тәуелсіз болмай, ел тәуелсіз болмайды. Тілді дамытуға 50 миллион теңге бөлінген. Бұл салада шешіл-

мей жатқан мәселе шаш-етектен. Сондықтан бұл салаға бюджеттен қаражат бөлінетін кезде екі қарап, бір шоқыған жөн, – деді ол.

Бұл мәселе бойынша басқарма басшысы Қайсар Маңқараев жауап беріп, Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының сұрауы бойынша 72 миллион теңге бөлінгенін айтты. Басқарма басшысы Сәкен Есіркеп-

ов алдағы уақытта К.Құрманәлиев тарапынан айтылған ұсыныстар ескерілетінін жеткізді. Сондай-ақ қоғамдық кеңес отырысында бұдан өзге жастар мәселесі, оларды спортқа баулу, аула клубтарын ұйымдастыру, қаланы абаттандыру, жылы аялдамалар және тағы да басқа проблемалар ортаға салынып, оның шешілу жолдары қарастырылды. Қоғамдық кеңес бюджет жобасын, бюджетті орындау туралы есепті, елорданы дамыту жоспарын қарайды, атқарушы және өкілдік органдар енгізетін нормативтік-құқықтық актілер бойынша қорытындылар береді.

## AUTOMECHANIKA ASTANA АВТОКӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Кеше Астанадағы EXPO халықаралық көрме орталығында Automechanika Astana аталатын ірі автокөрме ашылды.

Automechanika – әлемдегі ең танымал көрме бренді және сатылымнан кейінгі автокөлік қызметтері үшін өтетін іс-шаралардың басын біріктіреді. Көрмеге Испания, Таиланд, Жапония, Латвия, Польша, Беларусь, АҚШ, БАӘ-нің ірі өндіруші компаниялары қатысады. Сондай-ақ Қытай павильоны ұйымдастырылады, онда нарықтың ірі өндірушілері орналасады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша Automechanika Astana-мен бір алаңда Komtrans Astana | Futuroad Expo Astana коммерциялық көлік және құрылыс техникасының көрмесі өтеді. Бағдарламаға сәйкес, 12-14 сәуір күндері салалық қауымдастықтардың, қатысушы компаниялардың және сарапшылардың қатысуымен сессиялар өтеді.

Келушілер экспонат ретінде көріп қана қоймай, сонымен қатар ашық алаңдағы сынақ дискілерінде жаңа көлік үлгілерін байқап көре алады. Ол үшін қазақстандық автомобиль компаниясы JAC J7, Kia K5, KIA Cerato, Chevrolet Malibu сияқты автомобильдерді ұсынып отыр.

Автокөрме Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізілуде.



## ЕКІ АУДАНДА – ЖАҢА БАСШЫ

Астанада Президент Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша екі ауданның әкімдері тағайындалды. Нұра ауданының әкімі қызметіне Жүсіп Жұмағұлов, ал Сарыарқа ауданының әкімі болып Бауыржан Ералы тағайындалды. Бұл туралы қала әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.



Жүсіп Жұмағұлов – Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі. Еңбек жолын елорданың Инвестициялар және даму басқармасының маманы лауазымынан бастаған. 2016 жылдан 2019 жылға дейін «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ басшысының орынбасары, елорданың Қоғамдық даму істері басқармасы басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 2020 жылдан бастап елорда әкімі аппараты басшысының орынбасары болып еңбек етті. 2022 жылдың ақпан айынан бастап Сарыарқа ауданының әкімі қызметін атқарды.

Бауыржан Ералы еңбек жолын Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің инспекторы лауазымынан бастаған. Әр жылдары сарапшы, «Ахуалдық орталық» басқармасының бас сарапшысы, «Электрондық декларациялау орталығы» басқармасы басшысының орынбасары м.а. лауазымдарын атқарды. 2022 жылы «ҚР Қаржы министрлігі МКК бас диспетчерлік басқармасы» РММ басшысының орынбасары болып еңбек етті. Тағайындалғанға дейін елорда әкімінің кеңесшісі қызметін атқарды.

## ЕСТЕЛІК ТАҚТАЙША ОРНАТЫЛДЫ

Құтқарушылар саябағында 2022 жылы адамдарды құтқару кезінде ерлікпен қаза тапқан елордалық өрт сөндіруші Асқар Забикулинге арналған естелік тақта орнатылды. Бұл туралы Астана қаласының ТЖД баспасөз қызметі хабарлады.

Қызметтік борышын орындау және адамдар өмірін құтқару кезінде көрсеткен ерлігі мен өз ісіне берілгендігі үшін, азаматтық қорғау капитаны Асқар Серікұлы Забикулин Қазақстан Республикасының «І дәрежелі Айбын» орденімен марапатталды.

Салтанатты рәсімнің соңынан Департамент бөлімшелерінің жеке құрамының жазғы нысанды киімін киюге жеке құрамның ұйымдасты-

рылған ауысуы мақсатында саптық байқау өткізілді, оның қорытындысы бойынша қызметкерлер өздерінің толық дайындығын көрсетті. Сондай-ақ 16 жас қызметкер салтанатты түрде ант қабылдады. Департамент бастығы Қуанар Базарбаев пен Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Аденов жас мамандарды ант қабылдауымен құттықтап, азаматтық қорғау органдары қатарындағы еңбегіне табыс тіледі.



## ТАРАПТАР КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Кешегі жаңаөзендік азаматтардың еңбек дауы ел тағдырына бейжай қарамайтын кез келген азаматтың көңіліне алаң кіргізгені рас. Абырой болғанда қос тараптың конструктивті диалогының нәтижесінде өзара келісімге келіп, бауырларымыз аман-есен Маңғыстауға аттанып кетті. Барлық мұнайшылар әу бастағы ұсынылған шарттарды қабылдап, түйткілдің түйіні осымен біржолға шешілді деп үміттенеміз.

Әлбетте, «Бас жарылса, бөрік ішінде» демекші, ел болған соң мұндай оқиғалардың ара-тұра орын алатыны – заңды құбылыс. Тек мұндай кезде ағайын арасы алапайдай бүлінбеуі үшін мемлекеттің мызғымас тұрақтылығы, заң үстемдігі мен бір үстел басында ортақ мәмілеге қол жеткізетін сындарлы сұхбаттың бірінші орынға шығатынын естен шығармаған ләзім. Әділетті Қазақстанды құрудың ең басты алғы-шарттары, міне, осы факторларға

тікелей байланысты.

Билік те, халық та, міне, осы алтын қағиданы негізге алып, сол арқылы ішкі тұрақтылықтың шайқалуына жол бермегені қуантады. Лайым еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

**Есберген АЛАУХАНОВ,**  
Астана қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі, ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшесі, профессор



## БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет екендігін атап өтті. Бұл бағытта елордада жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар туралы Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жанабаев қалалық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Бүгінде баға ырыққа көнбей, аспандап тұр. Әсіресе, күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасының қымбаттағаны қарапайым халықтың қалтасын тықырлатып, көпбалалы отбасылардың, әлеуметтік аз қамтылған тұрғындардың жанына қатты батып отыр. Жалақы еспесе де, баға күн сайын көтеріліп жатыр. Сондықтан, көпшілік артық шығынды азайтып, барынша үнемдеуге тырысуда. Бұл ретте қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес Астанада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру жаңа тәсілдері қолға алынғанын атап өтті.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру кезінде жаңа тәсілдер қолданылды. Үкіметтің 2010 жылғы 1 наурыздағы №145 қаулысына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне 19 атаудың, оның ішінде ұн,

нан, көкөністер, ет және сүт өнімдері және т.б. енгізілген. Осыған орай елдегі фермерлерге маусымаралық кезеңде белгіленген бағамен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жеткізуге алдын ала аванс беру, сондай-ақ отандық күріш, қарақұмық, күнбағыс майы, ұн, мүйіз, нан өндірушілерді қаржыландыру көзделіп отыр. Қазіргі уақытта Үлгілік қағидаларға тиісті өзгерістер енгізілуде, соған сәйкес отандық тауар өндірушілерді қаржыландыруға арналған өтінімдер қаралатын болады. Сондай-ақ ет және сүт өнімдерін, атап айтсақ, сиыр етін, құс етін, жұмыртқа, сүт, айран, сүзбе, сары май өндіретін отандық өндірушілерді белгіленген бағадан аспау бойынша өзара міндеттемемен қаржыландыру көзделеді, – деді Мақсат Жанабаев.

Күзгі егінді жинау науқанындағы келісімшарттарды қамтамасыз ету мақсатында отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді форвардтық қаржыландыруды көздейтін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларын

тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, қала әкімдігі осы тетіктерді жүзеге асыруда. Мәселен, бағаның күрт өсуіне жол бермеу үшін шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу бойынша жұмыстар жалғасуда, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Сондай-ақ Мақсат Жанабаев елордада ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкелері апта сайын өткізілетінін және онда күнделікті тұтынатын азық-түліктер базардағыдан әлдеқайда төмен бағамен сатылып жатқанын жеткізді. – Астанада ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкелері апта сайын өткізіледі. Ондағы барлық өнімдер нарықтық бағадан 10-15% төмен бағамен сатылуда. Тұрақты негізде баға белгілеудің делдалдық схемаларын анықтау жөніндегі өңірлік комиссияның отырысы өткізіліп тұрады. Жыл басынан бері осындай 25 отырыс, оның ішінде 11 көшпелі отырыс өткізілді. Көшпелі кездесу барысында қаланың ірі сауда нысандарында «Әсем», «Гүлжан», «Вкус Март» сауда үйлері, «Аспан базар», «Сауран», «Астаналық базарлар» базарлары сауда үстемесінің 15%-ын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жұмыртқа, тауық еті, піяз, май, сүт бағасының 10-15%-ға төмендеуі байқалады, – деді М.Жанабаев.

## СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАР

Қазіргі таңда екінің бірі экономика немесе заң мамандығы бойынша білім алып оқуға тырысады. Ал елімізге ауадай қажет техника, физика, химия, тау-кен ісі, инженер, металлург және құрылысшы тағы басқа салаларға көңіл аз бөлінеді. Осыған орай, астаналық бизнес-палата өкілдері сұранысқа ие мамандықтар бойынша сауалнама ұйымдастырған болатын. Оған қаладағы барлық дерлік кәсіпорындар қатысты.

Кәсіпкерлер палатасы жүргізетін жыл сайынғы сауалнама қорытындысы бойынша Астанада орта кәсіптік білімі бар мамандарға деген сұраныс алдағы үш жылда (13 мың бос орын) жоғары оқу орындарының түлектеріне деген сұраныстан екі еседен астам артты.

Елордадағы 3500 кәсіпорын 2023-2025 жылдарға 21 797 маман қажет екені туралы мәлімдеді. Сауда, өмір сүру және тамақтану қызметтері, құрылыс, білім беру, өңдеу, денсаулық сақтау, ақпарат және байланыс, көлік және қоймалау, мемлекеттік басқару және қорғаныс, өнер, ойын-сауық

және демалыс, қаржы және сақтандыру, электр және энергиямен жабдықтау, ауыл шаруашылығы, тау-кен өндірісі, сумен жабдықтау салаларындағы компаниялар мен мекемелерге жаңа қызметкерлер қажет.

Ең көп сұранысқа ие мамандықтардың қатарына сатушы (1391 бос жұмыс орны), маркетинг (885), бухгалтер (791) және бухгалтер-кассир (662) кірді. Астанада сауда қызметкерлерінің тапшылығы 1 775 адамды, қонақ үй секторы мен қоғамдық тамақтану – 601, құрылыс – 597, білім беру – 577, өңдеу өнеркәсібі 516 адамды құрайды.



## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ НЕГЕ КӨП?

Елордада балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары азаймай тұр. Жол сақшылары көлік тізгіндегендерді тәртіпке шақырғанымен, нәтиже аз. Ескертуге құлақ аспағандар есіріп, жолдың қарсы жолағына шығып кетіп, қас-қағым сәтте жазатайым оқиғалар тіркелуде.

Қалалық полиция департаментінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, жыл басынан бері Астанада балалардың қатысуымен осындай 11 оқиға тіркелді.

Сағат 17.30 шамасында ГАЗ көлігінің жүргізушісі Қ.Аманжолов көшесімен Тәуелсіздік даңғылына қарай жүріп келе жатып, белгіленген жерде жолдан өтіп бара жатқан 14 жасар қыз баланы қағып кеткен. Оқиға салдарынан көмелетке толмаған қыз балаға медициналық көмек көрсетілді. Жол-көлік оқиғасының фактісі бойынша анықтау жүргізіліп жатыр.

Астана қаласының полиция департаменті «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» жедел алдын алу іс-шарасы шеңберінде жүргізушілердің жолдағы тәртібін арттырумен бірге көмелетке толмағандарды жолдағы қауіпсіздікті сақтаудың негізгі ережелері туралы хабардар етіп, жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда. Осыған байланысты,

аталмыш іс-шара шеңберінде көше қиылыстарынан өту ережелерін бұзғаны үшін 977 жүргізуші, жаяу жүргіншілерге артықшылық бермегені үшін 170 адам, арнайы ұстап тұратын құрылғысыз балаларды тасымалдаған 366 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, жол ережесін бұзған 1143 жаяу жүргінші анықталды. Жалпы, «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» жедел алдын алу іс-шарасы кезеңінде 700-ден астам оқыту сабағы мен 100-ге жуық семинар, сондай-ақ аула аумақтары мен балалар алаңдарын жайластыру мәселелерін талқылай отырып, жұртшылықтың қатысуымен 40-қа жуық жиын ұйымдастырылды.

Іс-шара шеңберінде жалпы білім беретін және мектепке дейінгі оқу орындарының жақын маңындағы көше-жол желісіне тексеру жүргізілді. Аталған жұмыстың қорытындысы бойынша орын алған кемшіліктерді жоюға 126 ұйғарым берілді.



## ЗАҢ БҰЗҒАН ЖОЛАУШЫҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Құлаққа түрпідей тиетін былапыт, боғауыз сөздерді жиі айту қашаннан жағымсыз әдет болып саналады. Өкінішке қарай, бүгінде сондай бейәдеп қылық танытатындар қоғамдық орындарда көптеп кездесуде.

Әуежайда осындай әрекетімен құқық бұзушылық жасағаны үшін Астана – Алматы әуерейсінің жолаушысына 172 мың теңге айыппұл салынды.

35 жастағы елордалық тұрғын рейске тіркеу кезінде жеке басын куәландыратын құжатын көрсетпей, керісінше тексерушіге балағат сөздер айтқан. Көлік полицейлері тексеру кезінде оның тәртіп сақшыларының заңды талабына бағынбағанын жеткізді.

Қазақстан Республикасының ӘҚБТҚ-нің 434-бабының 1-бөлігіне (ұсақ бұзақылық), 667-бабының 1-бөлігіне (құқық қорғау органы қызметкерінің заңды өкіміне немесе талабына бағынбау) сәйкес, құқық бұзған әйелге қатысты әкімшілік материалдар толтырылып, Астана қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі

мамандандырылған ауданаралық сотына жолданды. Сот шешімімен құқық бұзушыға 50 АЕК көлемінде, яғни 172 500 теңге айыппұл салынды. «Басқа пәле – тілден» демекші, ендігі жерде балағат сөз айтқандар осылайша тек заңмен жазаланады. Бұл – өркениетті елдердің тәжірибесі. Сондықтан «екі елі ауызға, төрт елі қақпақ» қойып, тәртіпке бағынған жөн-ау.

Жалпы, жыл басынан бері Астана қаласының көлік полициялары түрлі әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған 14 885 адамды жауапкершілікке тартты. Оның ішінде ұсақ бұзақылық жасаған 204 адам, құқық қорғау органы қызметкерінің заңды өкіміне немесе талабына бағынбағаны үшін 17 адам тиісті әкімшілік жазаға тартылған.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

РЕФОРМАЛАР НӘТИЖЕЛІ МЕ?

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.

Аталған тұжырымдаманың шеңберінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қолжетімділігі, жоғары білім берудің инфрақұрылымы мен цифрлық архитектурасын дамыту, жоғары білім беру саласының мазмұнын дамыту, интернационалдандыру, өмір бойы оқуды дамыту бағыттары бойынша міндеттер қамтылған.

«Көптеген реформаларға қарамастан, отандық білім беру жүйесінің деградациясын біздің сарапшылар ғана емес, сонымен қатар бірқатар әлемдік рейтингтер көрсетіп жүр. Елде бұл саладағы көптеген реформаларға қарамастан, бұл саланың деградациясы жалғасуда. Теріс тенденцияны қалай өзгертуге болады?» деген сауалға ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігі, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының міндетін атқарушы Бану Нарбекова былай деп жауап берді.

– Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі жағдайы халықаралық академиялық рейтингтерді барынша объективті түрде көрсетеді. Қазақстандық жоғары оқу орнындағы танымал үш рейтингтің екеуіне қатысады. Бүгінгі таңда QS WUR рейтингіне 16 жоғары оқу орны кіреді. Әлемдегі ең үздік 200 университеттің қатарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кіреді (150 орын). 8 жоғары оқу орны өз позицияларын жақсартты және рейтингте ілгеріледі. 7 жоғары оқу орны өз позицияларын сақтай алды. Қазақстандық жоғары оқу

# ҒЫЛЫМ ДАМУЫМЫЗ, АЛҒА ҚАДАМ БАСПАЙМЫЗ

Бүгінгі өркениет өлшемі, өркениет көші ғылым мен білімнің даму көрсеткішіне байланысты. «Ғылым таппай мақтанба...» деп ұрпақты ғылым, білімге үндеген ұлы Абайдың даналық ұстанымы бүгін де маңызын жойған жоқ. Ел Президенті «Ғылымды дамыту – Қазақстанның аса маңызды басымдығы болып қала беретінін» басты назарда ұстап отыр. Сондықтан қазіргі уақытта біздің алдымызда ғылымды жаңа бағыттар бойынша дамытудың ауқымды міндеттері тұр. Ендеше, білімге тек әлеуметтік сала, әлеуметтік функция ретінде қарауды тоқтатып, оны стратегиялық бағыт ретінде, болашақтың бағдары етуіміз керек! Сонда ғана болашағына сенімді, ел экономикасын өрге сүйрей алатын білікті, бәсекеге қабілетті мамандар, ұлтына жаны ашитын нағыз азаматтарды тәрбиелей алатынымыз хақ. Осы ретте ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан Президент тапсырған осы саладағы реформаларға қатысты атқарылып жатқан істерді саралап өткен едік.

орындары өңірлік аспектіде де бәсекеге қабілетті. QS Asia рейтингінде 760 жоғары оқу орнынан 32 қазақстандық жоғары оқу орны атап өтілді.

Әдетте, білім сапасы академиялық рейтингтерге енген білім беру бағдарламаларының санымен бағаланады.

QS by subject рейтингісіне сәйкес қазақстандық жоғары оқу орнындағы 100 үздік пәндік рейтингке қатысуы екі еседен астам, үштен жеті позицияға дейін өсті.

Бұдан басқа, Қазақстан пәндік рейтингтердегі білім беру бағдарламаларының санын 40-қа дейін ұлғайта отырып, халықаралық білім беру кеңістігінде өз ықпалын арттыруды жалғастыруда, бұл өткен жылмен салыстырғанда тоғызға артық. Сондай-ақ рейтингтегі жоғары оқу орнындағы саны сегізге дейін саналады.

Қазақстанның тағы бір жетістігі бес кең пәндік саланы қамтитын рейтингтерде қатысудың өсуі болды: өнер және гуманитарлық ғылымдар, инженерлік ғылымдар мен технологиялар, өмір туралы ғылымдар және медицина, жаратылыс

стану ғылымдары, қоғамдық ғылымдар және менеджментті қамтиды.

Қазақстанның жоғары оқу орнындағы бес салалық рейтингтің төртеуіне кіріп, ондағы өз позицияларының санын 10-ға дейін арттырды. Олардың төртеуінде позициялардың өсуіне қол жеткізілді, бір позиция былтырғы деңгейде қалды. Сонымен қатар, рейтингтерде екі позиция алғаш рет тіркелді.

Сондай-ақ қазақстандық жоғары оқу орнындағы Times Higher Education рейтингінде белсенді қатысуда. Times Higher Education WAR-да қазақстандық жоғары оқу орнындағы саны 6-ға жетті. 2022 жылға дейін тек 3 жоғары оқу орны атап өтілді: Олар – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.

Impact ranking рейтингіне сапалы білім беру, гендерлік теңдік, тиімді институт, экономикалық өсу, кедейлікті жою сияқты мақсаттар бойынша 10 қазақстандық жоғары оқу орны кірді. 2019

жылмен салыстырғанда (ЕҰҰ және Almau) жаңа жоғары оқу орнының тартылуы байқалады. Анықтама: 2019 жылы әлемнің 76 елінен 450 ЖОО, 2022 жылы әлемнің 106 елінен 1405 ЖОО қатысты.

Қазақстандық жоғары оқу орнындағы бәсекеге қабілеттілік көрсеткіштерінің бірі интернационалдандыру бойынша көрсеткішін жақсарту болып табылады. Мәселен, соңғы 6 жылда ЖОО-ларды интернационалдандыруға шамамен 5 млрд теңге бөлінді.

Мәселен, қазіргі уақытта жоғары оқу орнында 6373 халықаралық шарттар шеңберінде іс-шараларды іске асыруда (1460 ұлттық жоғары оқу орнында, 1927 мемлекеттік жоғары оқу орнында, 683 акционерленген, 2303 жеке жоғары оқу орнында).

Білім беру бағдарламаларының әлемдік стандарттарға сәйкес келтіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді. Осыған байланысты қос дипломдық бағдарламалар мен бірлескен білім беру бағдарламаларының, сондай-ақ осы бағдарламалар бойынша білім алушылар санының артуы айқын көрінеді.

Академиялық алмасудың өсуі халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға айтарлықтай әсер етеді. Мәселен, академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде, оның ішінде жоғары оқу орнындағы қаражаты есебінен жіберілетін студенттер саны жыл сайын артып келеді (РБ – 6061 студент, ЖОО қаражаты есебінен – 9271 студент). Алмасудың негізгі үлесі еуропалық жоғары оқу орнындағы (60%).

Жоғары білім сапасын жақсартудың көрсеткіші әлемнің жетекші жоғары оқу орнындағы мойындауы, халықаралық ынтымақтастық географиясын кеңейту екені түсінікті.

Соңғы екі жылда Министрлік жетекші шетелдік

жоғары оқу орнындағы филиалдарын ашу бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта қазақстандық жоғары оқу орнындағы Аризона университеті (АҚШ), «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу институты (РФ), М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті (РФ) сияқты жоғары оқу орнындағы стратегиялық әріптестікті жүзеге асыруда.

ШЫҰ және ТМД желілік университеттерінің мысалында Түркі мемлекеттері кеңесінің желілік университеті құрылады, бұл түркі елдерінің азаматтарына түркі мемлекеттерінде білім алуға мүмкіндік береді.

### ДИПЛОМДЫ ЖАС ҚАЙДА БАРАДЫ?

Жоғары білім саласындағы біліктің тізгінін ұстаған атқаміндерлердің ойынша, жастар жоғары оқу орнының дипломын алғаннан кейін оларға қатысу жоқ, жауапкершілік мойнында емес екенін айтады. Олар қаншалықты жақсы маман даярлады, ол алған білімімен, мамандығымен жұмыс таба алады ма, табыс тауып, салық төлеп, мемлекетке пайда әкеле ме, бұл жағы оларды қызықтырмайды. Білім сапасы жоғары болса, өндіріске озық ғылымның нәтижелері енгізілер еді, дипломмен жұмыс таба алмай жүрген қабілетсіз мамандар азаяр еді. Білім жүйесінде жүйеліліктің жоқтығы себепті оның ашы жемістерін жеуге мәжбүрміз. Осы пікірімізге ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігі, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының міндетін атқарушы Бану Нарбекова былай деп жауап қайтарды.

– Еңбек және білім нарығын үйлестіру үшін біз жоғары оқу орнындағы оқытушылар арасында форсайт-сессия және өңірлік

нарықты талдау негізінде кәсіптердің өңірлік карталарын әзірлеу бойынша жұмысты бастадық. Жаңа «Мамандығым-болашағым» жобасын іске асыру жоспарлануда, – дейді Б.Нарбекова өз сөзінде.

– Ол үшін кәсіби біліктілік бойынша өңірлік кеңестер құрылуда. Өңірлік карта, сондай-ақ кәсіби стандарттар негізінде жоғары оқу орнындағы білім беру бағдарламалары әзірленіп, өзектендіріледі.

Мазмұндық сапаны қамтамасыз ету үшін тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, білім бағдарламалары ауқымды сараптамадан өтеді, содан кейін ғана тізілімге енгізіледі. Аталған шаралар жоғары білім мазмұнын жақсартуға және түлектердің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігін кеңейтуге ықпал етеді.

Бұдан бөлек, жоғары оқу орнындағы қойылатын біліктілік талаптары қайта қаралып, бірқатар нормалар күшейтілді. Бұл нарықтан сапасыз білім беретін жоғары оқу орнындағы кетуіне алып келеді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні «Кәсіби біліктіліктер туралы» заң жобасы әзірленген. Аталған құжат отандық сертификаттау жүйесін жетілдіруге бағытталған. Яғни, түлектер оқуын аяқтағаннан кейін өз білімдері мен дағдыларын растау үрдісінен өтеді. Аталған норма тікелей жоғары оқу орнындағы сапалы маман даярлауда жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

### НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Ең әуелі қоғамдық көзқарасты өзгерту керек. Білім берудің басты міндеті – оқудан кейін табыс табатын, өзін және отбасын қамтамасыз ететін, жаңа жұмыс орындарын ашатын, салық төлейтін өзін-өзі қамтамасыз ететін азаматтарды даярлау. Өкінішке қарай, соңғы жылдары біз кері процесті көріп отырмыз: тұрақты жұмыс таба алмай, күнкөрісі нашар, әлеуметтік ауыртпалықтан арылмаған, мемлекеттен үнемі көмек сұрайтын, білімі төмен, кедей адамдардың саны артып келеді. Тағы бір жағымсыз нәтиже – халықтың діндарлығының тез өсуі, бұл әдетте адами капиталдың сапасы төмен елдерде байқалады. Осы жөнінде министрліктің қандай шұғыл шаралары бар?

### P.S:

Шыңдығында да мемлекет қайраткерлері мен менеджерлері азаматтардың біліміне тек әлеуметтік функция ретінде қарауды тоқтатқаны дұрыс, олар оны стратегиялық ресурс ретінде, болашақтың баспалағы ретінде қарастыруы керек. Мұны қағаздағы есептер емес, нақты істер мен нәтижелермен растағаны жөн. Өйткені елдің бәсекеге қабілеттілігі, болашақта өмір сүру шарттары осыған тікелей байланысты. Қазақстандық ғылым әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, интеллектуалды қуат-күшімізді одан әрі жетілдіріп, ел игілігі жолында аянбай қызмет атқара беругі керек.

**АНЫҚТАМА:**  
2023 жылғы әлемнің үздік университеттерінің пәндік рейтингтері – QS World University Rankings by Subject 2023 қазақстандық сегіз ЖОО-ның 40 білім беру бағдарламасының жұмысына тәуелсіз баға береді. Осы бағдарламалардың алтауы өткен жылмен салыстырғанда өз позицияларын жақсартты, жеті бағдарлама позициялардың төмендеуін көрсетті және 15 бағдарлама өз позицияларын сақтап қалды. 12 бағдарлама өткен жылғы пәндік рейтингтерге қатысқан жоқ.

## ОҚУШЫНЫҢ ТАРТЫМДЫ ЖОБАСЫ БАР

Астана қаласының №73 мектеп-лицейінде елордалық үздік оқушылардың ғылыми жобалар көрмесі өтті. Аталмыш іс-шараны Астана қаласының Білім басқармасы және «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы ғылым күніне орай бірлесе ұйымдастырды.

### Индира БЕРЖАНОВА

Көрме зияткерлік ойындар мен түрлі ғылыми жаңалықтар, тәжірибелік жұмыстар арқылы оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру және оқушылар арасында өзара тәжірибе алмасуға бағытталды. Сонымен қатар оқушылардың алған білімін өмірлік тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру арқылы креативтілікті дамыту, ғылыми-шығармашылық қабілеттерін жетілдіру көзделді. Интерактивті көрменің келушілеріне қарапайым тіл-

де адамзат баласының өмірін жақсартуға, жаңа перспективалар ашуға мүмкіндік беретін ғылымның жетістіктері туралы айтылды. Іс-шараға Оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаев, Астана қаласының Білім басқармасы басшысы Қасымхан Сенғазыев және оқытушылар мен жас ғалымдар қатысты.

Көрмеге оннан аса республикалық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері іріктелді. Оқушылар келушілерге қарапайым тілде адамзат баласының өмірін жақсартуға, жаңа перспективалар ашуға мүмкіндік беретін таңғажайып және жаңашыл жобаларын ұсынды. Сонымен қатар қатысушылар зияткерлік ойындар, IT аймағы мен химиялық шоу көрсетілімін көпшілікке паш етті. Ұшқыр ойлы әрі ғылымға қызығушылық танытқан оқушылар әртүрлі жұмыстарын көрсете білді.

«Астана дарыны» орталығы директорының міндетін атқарушы Жанар Бейсенбаеваның айтуынша, былтырдан бастап қолға алынған ғылыми көрме келесі жылы да жалғасын табады. Көрменің өтуіне сондай-ақ республикалық шахмат челленджі негіз болды. Бұл туралы Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры Сағдат Садықов атап өтті.



360 С градуста айналады. Белгілі бір көрсетілген әрекетті есінде сақтап, кейін оны өзі жасай береді. Оны өндіріс саласында

қолдануға тиімді. Құрылыс бірнеше адамдардың жұмысын жеңілдетеді» деді жас өнертапқыш.

Елімізде мерзімді әскери қызметке шақырудың көктемгі науқаны басталды. Биыл Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың қатарын 18 бен 27 жас аралығындағы 37 мыңға жуық жас толықтырады деп жоспарланып отыр. Осы орайда әскерге шақырудағы жаңашылдықтар мен үміткерлерді іріктеудің ерекшеліктері туралы Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары, майор Артур ҚАСҚАРАУОВ айтып берді.

**– Артур Нұрдаулетұлы, елімізде әскерге шақыру науқаны қалай ұйымдастырылады?**

– Жыл сайын Қарулы күштер, Ұлттық ұлан, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметін өтеуге мыңдаған сарбаз аттанады. Осы бес әлеуеттік күштік құрылымның әскери бөлімшелері бар. Соларға қанша адам керек, сол бойынша Қорғаныс министрлігі өтініш жинайды. Олардың берген санына жинақтап, оларды аудан орталықтарынан жеткізуден бастап жинақтау пунктіндегі ішіп-жегені, киетін киімі, медициналық тексеруге дейін жұмсалатын қаражатты соңғы тиынына дейін есептейді. Сөйтіп, бір жыл бұрын Үкіметке ұсынылады. Үкімет Ел Президентінің Жарлығының жобасын дайындайды. Жарлыққа қол қойылғаннан кейін әскерге шақырту науқаны басталады.

Дәстүрлі түрде 1 наурыздан бастап еліміздің барлық аудандары мен қалаларында жалпы саны 195 әскерге шақыру пункттерінде жергілікті атқарушы органдардың әскерге шақыру комиссиялары өз жұмысын бастады. Бұл кешенді іс-шараны жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырып, қамтамасыз етеді. Ал биыл әскерге республика бойынша 18 бен 27 жас аралығындағы 37 мың сарбаз жіберілуі қажет. Оларды әскерге шақыру мерзімі көктем мен күзге белгіленеді. Өйткені бір кезеңге шақыру тиімсіз. Ал көктемгі әскерге шақыру науқаны наурыз-маусым айларында жүріп, оған 17 мың адам жөнелтіледі. Оның ішінде атап айтсақ, Қарулы Күштерге – 7700 адам, Ұлттық ұланға – 6800 адам, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне – 3400 адам, Төтенше жағдайлар министрлігіне – 300 адам, Мемлекеттік күзет қызметіне 90 адам жіберіледі.

Наурыз-маусым айларында белгіленген мерзімді өткерген әскери қызметшілерді запасқа шығару қолданыстағы заңға сәйкес жүргізіледі. Яғни шақы-

рылатын жастарды салтанатты шығарып салу мен әскерден босаған сарбаздарды салтанатты күтіп алуды да дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл іс-шара былтырдан бастап қолға алынды.

**– Бас қаланың қанша азаматы Отан қорғауға шақырылады? Елордадағы науқан барысы қалай жүргізіліп жатыр?**

– Жалпы көктемгі науқанда Астана қаласынан 1024 адам әскер сапына тұрады. Оның ішінде Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне – 199 адам, Қарулы Күштерге – 457 адам, Ұлттық ұланға – 360 адам, Мемлекеттік күзет қызметіне 8 адам шақырылады.

Өткен жылғы күзде Астана қаласы бойынша әскерге шақыруға 800 адам жіберу көзделіп, бұл межені 1040 адамға жеткізіп, асыра орындадық. Нәтижесінде республика бойынша әскерге жөнелту жұмыстарының қорытындысы бойынша алдыңғы қатарлы үштіктен табылды. Көктемгі әскерге шақыру науқанын елордада жаңа мекенжай бойынша жүргізіп отырмыз. Астана дамыған сайын аудандардың да, халықтың да саны көбейіп отыр. Қалалық әкімдіктің шешімімен Республика даңғылындағы №54 үй мекенжайындағы алты қабатты зәулім ғимарат беріліп, Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа аудандарының шақыру пункттері мен қалалық Жиын пунктін бір жерге шоғырландыру мүмкіндігі оңтайлы шешілді. Бұл әскерге шақырылушыларды тасымалдауға кететін шығынды қысқартуға және уақыт үнемдеуге тиімді болып отыр.

**– Цифрландыру – Қорғаныс саласының қызметін оңтайландырудың бірден-бір жолы. Осы тұста шақырылушыларға хабарламалар қалай жетеді? Тың әдіс қарастырылған ба?**

– Бүгінде әскерге шақырылуға тиісті ер азаматтарды хабардар ету жұмысы дербес шақырту қағазын жолдау арқылы жүзеге асырылады. Шақырту қағазы олардың тұрғылықты мекенжайына немесе жұмыс орындарына жеткізіледі. Осы



## ӘСКЕРГЕ БАРУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШЫҢ!

процесті автоматтандыру мақсатында 2021 жылдан бастап әскерге шақырылушыларды SMS-хабарлама жолдау арқылы да хабардар ету жүргізілуде.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Астанада он әскерге шақырылушыны хабарландыру үшін қызметтік автокөлікпен екі-үш қызметкер он-он екі литр жанармай жұмсап, азаматтарды тұрғылықты жері бойынша іздеуші еді. Соның өзінде он әскерге шақыру жасындағы азаматтардың тұрғылықты мекенжайы бойынша 2-3 адам ғана табылатын. Оның өзінде сол 2-3 адамның 1-2-і студент не әскерге шақыруды кейінге қалдыру құқығына ие болатын. Енді шақыруды кейінге қалдыруға болатын баптардың бесеуі автоматты түрде шешіледі.

Мерзімді әскерге шақыруды жүргізу кезінде жұмысты барынша ашық форматта жүргізуді жалғастырамыз. Әрбір азамат қажетті ақпаратты алу үшін бізге жүгіне алады және оның сұрақтарына толық жауап беріледі. Ол үшін әрбір Қорғаныс істері департаментінде «Қарулы Күштер – адалдық алаңы» атты жобалық кеңсе жұмыс істейді. Әлеуметтік желіде де электронды пошталар мен ресми аккаунттар ашылды.

**– Мерзімді әскерге шақыруда қандай жаңашылдықтар енгізілді? Үміткерлерді іріктеуде ескерілетін өзгерістер бар ма?**

– Биылғы үлкен жаңалықтардың бірі – мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге кредиттік каникулдар беру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың аяқталуы. Республика бойынша бүгінде 3,4 мың әскери қызметшіге 4,9 мың қарыз бойынша негізгі

борыш пен сыйақыға қатысты төлемдер кейінге қалдырылды.

Қорғаныс министрлігі Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агентікпен бірлесіп, мерзімді әскери қызметтен өтудің беделін арттыру мақсатында 2022 жылғы 5 желтоқсанда мерзімді әскери қызметке шақырылған, банк қызметі бойынша қарыз алушылар (қосалқы қарыз алушылар, кепілгерлер, кепіл берушілер) ретінде саналатын әскери қызметшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесінде өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Екінші деңгейлі банктер, банк операцияларының жекеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардағы қызмет өткергеннен кейін 2 жыл ішінде жоғары оқу орындарына

ҰБТ-сыз, байқауға қатыспай түсу мүмкіндігі (ақылы негізде) бар. Сондай-ақ еліміздің 40-тан астам жоғары оқу орындарымен мерзімді әскери қызметтен өткен 3000 орынды білім беру секторында үздіктер үшін беруді көздейтін келісімге қол қойылды. Әскери кафедраларға конкурстан тыс түсу мүмкіндігі де қарастырылады. Оқу орталықтары арқылы мерзімді әскери қызметшілерге мемлекеттік үлгідегі тиісті куәліктер бере отырып, әскери-есептік мамандықтар бойынша даярлау жүзеге асырылады.

Осындай жаңашылдық мемлекеттік органдармен және Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібінің «SmartDataUkimet» ақпараттық-талдау жүйесімен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырудың арқасында мүмкін болды.

Бұдан бөлек, жақын арада міндетті әскери есепке қоюды және одан шығаруды жою іске асырылады. Яғни тұрғылықты жерін ауыстырған кезде әскери міндетті мен әскерге шақырылушыны есепке қою және одан шығаруды тұрғылықты жері бойынша тіркеп, автоматты түрде іске асырылатын болады. Тағы бір жайт, әскерге шақырылушыларға тіркеу туралы куәліктер және әскери қызмет өткермеген адамдарға әскери билеттер беру тоқтатылды. Яғни әскери билет тек әскери қызмет өткерген азаматтарға ғана берілетін болады.

**– Қандай жағдайда азаматтар шақыртудан кейінге қалдырылады не босатылады? – Қазіргі уақытта мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және одан босату «Әскери қызмет және**

әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 35 және 36-баптарына сәйкес Электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады. Аталмыш заңда кімдердің әскери қызметтен босатылатыны анық көрсетілген. Отбасы жағдайына (отбасында мүгедек, ата-анасы зейнеткерлік жасқа толуына, некеде тұруы және т.б.), білім алу жағдайы (күнделікті бөлім және жоғары білімін жалғастыру) үшін және басқа да себептері (ауыл мұғалімдері мен дәрігерлері) бойынша әскер қатарына жіберу кейінге қалдырылады. Әскерге шақыру жасындағы азаматтар әртүрлі мемлекеттік органдардан қажетті анықтамалар жинау арқылы әскерге шақыруды

кейінге қалдыруға құқылы екенін дәлелдеуге және мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш жасаған кезде оларды Электрондық үкімет порталының платформасына тіркеуге міндетті.

«SmartDataUkimet» ақпараттық-талдау жүйесінің жұмыс нәтижесі бойынша қалада әскерге шақыруды кейінге қалдыру құқығы бар бірнеше мыңнан астам азамат анықталды. Оларға кейінге қалдырылғаны туралы SMS-хабарлама жіберіледі. Дей тұра, бұл қанатқақты жоба болғандықтан, ондай хабарламалардың жетпей қалуы фактілеріне де жол берілуі мүмкін.

**– Әскерге баруға қазіргі жастардың құлшынысы қандай? Өз еркімен баратындар көп пе, әлде борышын өтеуден жалтаратындар саны басым ба?**

– Әскери қызметтен жалтаратындарды қолданыстағы заңға сәйкес әскерге баруға міндеттейміз. Әскери қызмет – әрбір ер азаматтың заңмен белгіленген міндеті, ал одан жалтарғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Әрине, әскери қызметтің адамның өзіне ғана емес, қоғам үшін, ел үшін маңызды екенін түсінетін жігіттер тобы бар. Мерзімді әскери қызмет өткеру тек қару мен әскери техниканы меңгеру дағдысына ие болуға мүмкіндік беріп қана қоймай, жас жігіттің дене шынықтыру және рухани тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Осы тұста әскерге шақыру алғандардың әскер түрін таңдауға мүмкіндігі болатынын да айтқан жөн. Азаматтар әке-ағаларынан көрген тәрбиеге қарай әскердің бір түріне баруға бейімделіп жатады. Әрине, жастар элиталы әскердің болуын қалайды. Әрбір әскери құрылымдардың өз орны бары сөзсіз. Дегенмен қазіргі таңда десантты-шабуылдаушы әскер қатарына қосыламын деушілердің қатары біршама бар.

**– Жігіттердің абыройлы міндетін атқаруға деген ниетін ояту үшін қандай жұмыстар істеледі? – Бүгінгі таңда мектептерден бастап жоғары оқу орындарында әртүрлі әскери-патриоттық іс-шаралар өткіземіз. Орта мектептің 10-11 сынып оқушылары әскерге шақырылушылар қатарына жатады. Дегенмен түлектердің жүз пайызы кейін жоғары оқу орындарына түсіп, оқуын жалғастырады деуге толық негіз жоқ. Сондықтан қалалық Қорғаныс істері департаменті қаладағы 99 мемлекеттік мектептердің барлығымен тығыз байланыста. Алғашқы әскери дайындық мұғалімдері де өз шама-шарқынша оқу бағдарламасына сай әскердің мән-маңызын түсіндіріп жатыр. Әлеуетті органдардың зейнеткерлері мен соғыс ардагерлерін жастармен кездестіріп, ақыл-есіетін тыңдатып, бағыт-бағдар беру жұмыстарын да қатар алып жүреміз.**

Сұхбаттасқан  
Индира БЕРЖАНОВА

“

Көктемгі әскерге шақыру науқаны наурыз-маусым айларында жүріп, оған **17 мың** адам жөнелтіледі. Оның ішінде атап айтсақ, Қарулы Күштерге – **7700** адам, Ұлттық ұланға – **6800** адам, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне – **3400** адам, Төтенше жағдайлар министрлігіне – **300** адам, Мемлекеттік күзет қызметіне **90** адам жіберіледі





қорап заңсыз айналымнан алынды, – деді департамент тергеушісі Айгүл Асанова.

Көлеңкелі экономиканың қаржылық залал-зардабы туралы сөз еткенде, экономист Қайырбек Арыстанбековтің мына дерегіне мән береміз: «Бір жылда Қазақстанның ЖІӨ 100 миллиард доллар десек, соның 25 пайызы, яғни 25 миллиард доллары көлеңкелі экономикаға

Көп жағдайда сауда жасағаннан кейін түбіртектегі сұрамайтынмыз ақиқат. Елордадағы «Астаналық» сауда орталығындағы сатушылар мен тұтынушыларға сауалнама жүргіздік. Біз сұраған 20 тұрғын түбіртекте мүлде талап етпейтінін, 12-сі мұндағы саудагерлер мүлде түбіртек бермейтінін алға тартса, біз сауал жолдаған 10 саудагер алдағы уақытта

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ 20 ЖЫЛДАН АСА ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮЛЕСІН ЗЕРТТЕП, РЕЙТИНГІН ТҮЗІП, ОНЫ 2018 ЖЫЛЫ ЖАРИЯЛАДЫ. БҰЛ ТІЗІМДЕ ҚАЗАҚСТАН 159 ЕЛДІҢ ІШІНДЕ 45-ОРЫННАН КӨРІНІП, КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМДЕГІ ҮЛЕСІ 38,8 ПАЙЫЗҒА ТЕҢ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ**

# КӨЛЕҢКЕГЕ КҮН ҚАШАН ТҮСЕДІ

## НЕМЕСЕ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ 30 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҚ «КӨЛЕҢКЕЛІ» МИЛЛИАРДТАРДЫ БАҚЫЛАУ МҮМКІН БЕ?

Әділетті Қазақстан құру үшін көлеңкелі экономиканың көлемін қысқарту керек. Онсыз мақсат сағымға айналады. Өйткені халықтың ризық-несібесі мен елдің қазынасын бейресми экономика ортайтуды. Ортайтып қана қоймай, елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне кері әсер етуде.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

### ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙМЫЗ?

Бақыланбайтын экономика – салықты төлеуден жалтару мақсатында жасырын және заңсыз жүргізілетін қаржы айналымы. Ауқымы кең, үнемі формасын өзгертіп тұратындықтан оны анықтап, күнгейге шығару оңай іс емес. Көп жағдайда көлеңкелі экономикаға есірткі бизнесі, жезөкшелік, қарумен сауда, контрабанда сияқты заңсыз қызмет түрлері теңестіріледі. Бұған жемқорлық, ұрлық, алаяқтық, рәкет және өзге де құқық нормасына қарсы әрекеттер жатады. Шетелдерге жасырын ақша аудару, кәсіпкерлік субъектілері мен өндіріс орындарында статистика есебін жүргізілмеуі, бухгалтерлік құжатта шаруашылық әрекеттерді көрсетпеуі, жұмысшыға қолма-қол жалақы беру сынды заңсыз қызмет түрін айтуға болады. Бұл тізімге ойын бизнесі, жалған ақша жасау, мемлекеттік бағдарламаның қаржысын мақсатсыз игеру, қаржы пирамидасы және тағы басқасын қосу керек.

Ширек ғасыр бұрын, нақтырақ айтқанда, 2000 жылдардың басында Үкімет жасырын экономикамен күресуде шырақ алып, соңынан түскен-ді. Қалтарыста қалған қаражатты қазынаға қайтару шарасын бастап, ТМД елдері арасында бірінші болып қаржы амнистиясын жариялады. Алайда көлеңкедегі қаржыны күнгейге шығару мүмкін болмай тұр.

Халықаралық валюта қоры 20 жылдан аса әлем елдерінің көлеңкелі экономикадағы үлесін зерттеп, рейтингін түзіп, оны 2018 жылы жариялады. Бұл тізімде Қазақстан 159 елдің ішінде 45-орыннан көрініп, көлеңкелі экономиканың жалпы

ішкі өнімдегі үлесі 38,8 пайызға тең екені белгілі болды. Ал Экономикалық саясат институтының директоры Қайырбек Арыстанбеков елдегі көлеңкелі экономиканың көлемі 26-27 пайыз деп есептейді. Қалай болғанда да, көрсеткіш төмен емес. Халықаралық ұйымның статистикасы бойынша көш басындағы Боливия, Зимбабве, Нигерия, Гватемала, Бенинде бейресми экономиканың көлемі 55-65 пайызды құрайды. Сарапшылар аталған елдердің кедей санатына қосылуының бір себебі көлеңкелі экономиканың үлесі тым көп болуынан дейді.

Рас, көлеңкеде айналатын қаржы мемлекетті жегі құрттай жеп, демін әбден тарылтып, қобыласын құбылтады. Керісінше, көлеңкелі экономикасы 5-10 пайызды құрайтын Нидерланд, Жапония, Аустрия, АҚШ, Швейцария сынды елдің халқы сапалы өмір салтымен қамтамасыз етілгенін жақсы білеміз. Миллиардтан астам тұрғыны бар Қытайда көлеңкелі экономиканың көлемі 13,5 пайызды құрайды. Ресми Пекин салық саясатын жүргізуде қатаң талап қойып, кәсіпкерлер өзінің қызметі туралы есеп бергенде «нөлдік» деңгейде тапсырса, онда оларға сенімсіз субъект ретінде қарап, мемлекеттік көмек түрлерінен айырады екен. Жемқорлықпен күресте де өте қатал шараларды қолданатынын жақсы білеміз. Жалпы дүние жүзіндегі 170 мемлекет салық есебінен өмір сүрсе, біздің жағдай бөлек, жыл сайын Ұлттық қорға қол салып, соны да тиімсіз игеру оқиғасы жиі тіркеледі.

### ЗАЛАЛ-ЗАРДАБЫ ҚАНДАЙ?

Жалпы көлеңкелі экономиканы жария етілмеген және заңсыз деп екіге жіктейді. Жария етілмеген қызмет бірінші кезекте

қолма-қол есеп жүргізетін тауар мен қызмет сатылымында көп көрініс табады. Заңсыз бизнестің ауқымы тіпті кең. Мұның залал-зардабы да ауыр.

**Біріншіден**, салық салу көлемі азаяды. Бұл экономиканың жариялы секторына салық салу көлемі өсіп, олардың бәсекеге қабілет деңгейін төмендетеді.

**Екіншіден**, макроэкономикалық тұрақтылықты сақтауды қиындатады. Яғни бизнестің дамуына кері әсер етіп, кластерлік шаруашылық кенжелейді.

**Үшіншіден**, экономика ресурстарын бөлуге кері әсер етіп, ірі көлемдегі қаржы көздері бақылаудан тыс қалып, мемлекеттің экономикасы мен келешегіне үлкен қауіп төнеді.

Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментіне хабарласып, көлеңкедегі қаржыны күнгейге шығаруда қандай іс-шаралар атқарылып жатқанын білдік.

– Жұмысты нақты орындамай, қызмет көрсетпей, тауарды жөнелтпей, жалған шот-фактураларды шығару фактісі анықталды. Соның салдарынан экономикалық айналым және нақты статистика бұрмаланып, әлеуметтік мәселелер дер кезінде шешілмеуде. Мұндай құбылыс елдегі қоғамдық-саяси тұрақсыздыққа әкелетіні айтылса да түсінікті. 2022 жылы департаментте жалған есеп-шотты беру фактісі бойынша 64 қылмыстық іс қаралып, 46 қылмыстық іс аяқталды.

Жалпы бақыланбайтын экономиканың ауқымы кең, түрі көп. Соның бірі – қаржы пирамидасы. Әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында пирамида схемаларын анықтап, жою жұмысы жүйелі жүргізіледі. Жыл басынан бері 7 қаржы пирамидасы – Antares, Best Road Investment, Sensere Systems, Eden life, MMK Investment, Invest



Көлеңкеде айналатын қаржы мемлекетті жегі құрттай жеп, демін әбден тарылтып, құбыласын құбылтады. Керісінше, көлеңкелі экономикасы 5-10 пайызды құрайтын Нидерланд, Жапония, Аустрия, АҚШ, Швейцария сынды елдің халқы сапалы өмір салтымен қамтамасыз етілгенін жақсы білеміз. Миллиардтан астам тұрғыны бар Қытайда көлеңкелі экономиканың көлемі 13,5 пайызды құрайды. Жалпы дүние жүзіндегі 170 мемлекет салық есебінен өмір сүрсе, біздің жағдай бөлек, жыл сайын Ұлттық қорға қол салып, соны да тиімсіз игеру оқиғасы жиі тіркеледі

Consulting Agency, WBC анықталып, жұмысы тоқтатылды.

Кеден саласында экономикалық контрабанда бойынша 4 қылмыстық іс анықталды. Астана халықаралық әуежайынан 28 келіден асатын 7178 дана алтын бұйым тәркіленді. Сондай-ақ акцизделетін өнімдер бойынша 4 құқық бұзушылық анықталып, 100 мың бөтелке, 8 мың литр спирт, 500 мың

тиесілі. Бұл – бюджеттің 36 пайызы». Бұл қаржығы қаншама мектеп, емхана, спорт кешенін салуға болар еді, ә!

Dalainside таратқан ақпарат бойынша 2022 жылы Қытай кеденінен Қазақстанға 16,3 миллиард доллардың өнімі өтсе, біздің кеденшілер келген тауарды 11 миллиард долларға бағалайды. Екі кеденнің дерек айырмашылығы 5,3 миллиард долларды көрсетеді. Демек, осынша көлемде контрабандалық тауар шекарадан баж салығынсыз өтіп, көлеңкелі экономиканың көлемін арттырды. Бұған бай-бағландардың офшордағы 167 миллиард долларын қосыңыз. Сонда көлеңкелі экономикадағы қомақты қаржыны ойша елестете аласыз.

### ҚАЛАЙ ТЕЖЕЙМІЗ?

Мемлекет алдында тұрған маңызды міндет – көлеңкелі экономиканың көлемін азайту. Алайда халықаралық тәжірибеде бейресми экономикамен күресудің бірегей әдіс-амалы жоқ. Әр ел өзіндегі көлеңкелі экономиканың өміршеңдігін қамтамасыз ететін себебін анықтап, соған байланысты кешенді шаралар жүргізеді. Мәселен, салық саясатын жетілдіру, шағын және орта бизнес жұмысын оңтайландыру, есірткі бизнесімен күрес, иммиграция ағымын реттеу, сыбайлас жемқорлықпен күрес және тағы басқасын атау керек.

Экономист Эрнандо де Сотонның пікірінше, көлеңкелі экономиканың көлемі артуында заңдардың өз деңгейінде орындалмауы себеп болады. Яғни іскер азаматтардың белсенділігін жасанды жолмен тежеп, бюрократиялық кедергі келтіру арқылы бақыланбайтын экономикаға жол ашып береді.

Парламент Мәжілісінің депутаты Жарқынбек Амантайұлы әлеуметтік-экономикалық жағымсыз құбылыс саналатын жасырын экономикамен күресуде халықтың қаржы мәдениетін көтеру маңызды екенін атап:

«Сауда орындарына барғанда алған тауардың есебін көрсететін түбіртекте талап ете бермейміз. Міне, ең бірінші осыдан бастау керек. Мұны ұсақ-түйек мәселе деп қабылдайтын шығармыз. Бірақ мұның артында сауда орнының тауар айналымын нақты есептеп, салыққа төлейтін мөлшері анықталатын құрал екенін ұмытпауымыз керек» деді.

**P.S:** Бақыланбайтын экономиканың көлемін төмендету – ел алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Ел қазынасына тиесілі қаражат әлдекімнің қалтасына түспеуі үшін ашық та жариялы қоғам құру маңызды. Ал оның басты құралы – барлық саланы цифрландыру. Сарапшылардың пікірі осыған саяды.

№43 (4476) 13/04/2023 Бейсенбі

## СУЛТАН БЕЙБАРЫС – 800

(Соңы. Басы газетіміздің №42 (4475) санында)

**К**ейінірек Шыңғысхан ұрпақтары бірнеше рет шабуыл жасап, Шам, Багдад, Алеппо секілді қалаларды қиратып, адамдарын өлтіріп, елді қан қақсаған кезде де Бейбарыс бірінші кезекте халық жағдайын ойлайтын көпшілік мезінін молынан көрсетті. Алдымен ешқашан жеңілмеген Құлағу армиясына тосқауыл қойып, қалайда бетін қайтарып, шама жетсе тізе бүктіру керек деп есептеді. Сол себепті нағыз шешуші айқасқа даярланды. Оның аяғы немен аяқталарын әуелде өзі де шамалай алмаған болар, өйткені ол уақытта Шыңғысхан ұрпақтары оңтүстік пен солтүстікте, батыс пен шығыста – қысқасы барлық жерлерде жеңіске жетіп, өрлік танытып тұрған кез еді. Тіпті сұлтан Құтыздың өзі де әуелде бұл шайқасты бастауға жүрескінен, тағы да әскери кеңеске салып, көбірек ақылдасу керектігін айтқанын бірқатар тарихи деректер дәлелдейді. Бұл тарихта жазылып қалған, 1260 жылы болған Айн-Жалут шайқасы еді, соғыс барынша кескілескен шайқасқа ұласса да, ақыр аяғында бас қолбасшы Бейбарыс бастаған жасақтың толық жеңісімен аяқталған болатын. Содан кейін сұлтан тағына отырған соң, ең алдымен қолға алғаны – Шам мен Багдад аймағындағы қираған қалаларды қайта қалпына келтіріп, бұзылған үйлерді жөндеуге, қарапайым халықтың төгілген көз жасын тезірек құрғатуға қам жасады. Сонымен қабат, осы шаһарлардағы ел сыйынған, Жаратушыға бас иген қасиетті орындар – қираған мешіттерді қалпына келтіру жұмысын жандандырды, ел ұсталарын осы қайырымы мол іске жұмылдырды. Оның бұл жұмысы қара халықтың ойынан шықты, жаңадан сайланған сұлтанды одан бетер жақсы көріп, барынша қолдау жасай бастады.

Бейбарыс сұлтан таққа отырған он жеті жыл (1260-1277) ішінде имандылық пен ізгілік бағытында көптеген игі істерге бастамашы болғанын ерекше қадап айтуға болады. Айталық, ол араб әлеміндегі ең қасиетті қалалар – Мекке мен Мединаны сыртқы және ішкі жағдайы көнеріп, бірте-бірте ескіре бастаған қос негізгі мешіттерді (әл-Харам және Пайғамбар мешіттері) күрделі жөндеуден өткізіп берді. Тек ол ғана емес, Иерусалимдегі әл-Ақса мен Құббат ас-Сахараны да күрделі жөндеуден өткізуге пәрмен жасады. Кезінде Фатимидтердің қолдауымен салынған, кейін Аюбиттер билікке келгенде жабылып қалған әл-Асқар мешітін де қайтадан безендіріп, іске қосты. Каирде өзі басшы болып, тікелей қолдау көрсетіп салдырған үлкен мешіт құрылысы тағы бой көтергенін атап айтуға болады. Осының бәрін де Бейбарыс өте ақылдылықпен жүзеге асырып, араб әлеміндегі бұрыннан қалыптасқан діни-имани қалыпты бұзбай, кейінгі ұрпаққа шарапаты тиер өнегелі шаруаны жалғастырып бақты.

Әлбетте, осындай игі істерді сұлтан Бейбарыс жалғыз өзі атқарды деуден аулақпыз. Бұл арада сол кезеңде тақта отырған Құтыз сұлтанның да тілін таба біліп, әрбір иманды іске қолдау



## ТАРИХ ТӨРИНЕН ОРЫН АЛҒАН

көрсетуіне көндіре алғандығында. Ал жас кезден қарулас досы, атты әскер қолбасшысы Қалауын екеуінің арасындағы байланыс жайынан көп айтуға болады. Олар бір-бірін өте жақсы түсінді, біріне-бірі үнемі қолдау көрсетті. Екеуінің қарым-қатынасын Исатай мен Махамбет достығындай деп айтуға болады. Бұл жерде де әскери шені Қалауыннан сәл жоғары бола тұрса да, досының қас-қабағына қарап, қандай шабуыл не қорғаныс болса да, ақылдасып отыратын қасиетті арқылы өзіне баурап алғанын аңғару еш қиын емес. Содан да болар, Бейбарыс өзінің ұлы Берке ханға Қалауынның қызы Газианы жастай атастырып, ертерек құда түсуі де көп нәрсені мағлұмдай алады. Жалпы, Бейбарыс-Қалауын достығы, олардың бір-біріне адалдығы жайлы алдағы уақытта бөлек еңбектер жазылуы керек деп есептейміз.

Өзі сұлтан тағына отырған кезде туған топырағын да ұмытпай, Алтын орданы билеп тұрған Жошы ханның үшінші ұлы Берке ханмен тығыз байланыс орнатып қана қоймай, оны да ислам әлеміне тартты. Кеудесіне имандылық сезімінің дәнін шашты. Ықыласын оятты. Соның себебімен Берке хан Шыңғыс тұқымынан ең алғашқы болып ислам дінін қабылдады. Берке мен Бейбарыстың расымен де достық пейілмен араласқанын бір ғана дерекпен шегелеп өтуге болады. Құлағу жасағы араб елдеріне жасаған қанды жорыққа Бейбарыс бастаған мәмлүктердің қарсы тұруы мен жеңіске жетуіне хан Берке де тиісті көмек көрсеткен тарихи деректерде көрсетілген. Өз бауырын қолдамай, Қыпшақ даласының сайыпқыранына қол ұшын беруіне не себеп? Біріншіден, Беркенің, ақылға салып қарасаңыз, расымен де достық деген асыл ұғымды бәрінен де жоғары қоюы деп түсінген орынды. Екіншіден, Құлағудың қанішерлік жорығын ішімен де, сыртымен де қолдағысы келмегені.

Жалпы, достық дегеннен шығады, бұл жерде ерекше тоқтала кететін жайт бар. Бейбарыс сұлтанның Қыпшақ даласын билеуші – Алтын орда ханы Беркемен әуелі хат арқылы байланыс орнатып, соңынан бір-бірін терең түсініскен ел басшылары болуы – ең алдымен Бейбарыстың бойындағы дипломатиялық қабілеттің

ерекше екендігінен хабар береді. Хан Беркенің сол уақыттарда атағы дүрілдеп тұрғаны, Қыпшақ даласынан да шығып, бүкіл айнала аймақтарға әмірін жүргізе бастаған тұсында көңіл оябын тауып, араға достық жол сала білуі – арнайы зерттеп жазуға болатын тақырып. Бұл тақырыптың қазіргі уақытта маңызды болатыны – Қыпшақ даласындағы түркілер билігін Мысыр-Шам өңіріндегі арабтар билігімен жақындатқаны, қандас туыстықтан діндес туыстыққа даңғыл жол ашқаны және осы шарауа Шыңғыс тұқымының ұрпақтарын да бейбіт жолмен тартқандығы. Тұтас бір империяны аша алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған хан қалайша ата-бабасы ұстанған діннен бас тартып, ислам дінін қабылдады? Өзімен аталас-қандас бауыры Құлағу Төлеулының араб аймағына жасаған қанды жорықтарын қолдамай, тіпті ашық қарсы тұрып, бұл ұрыстарда Мысыр-Шам сұлтаны Бейбарыс жағына шығуының тағы қандай себептері бар? Берке хан мен сұлтан Бейбарыстың арасындағы қыл өтпестей достық қалай және қандай негіздермен қалыптасты? Міне, осы саланы тереңірек қауазай бастасақ, тағы да Бейбарыс сұлтанның адами бейнесі тұлғалана түседі. Тағы да айта кеткіміз келеді, хан Берке мен Бейбарыс сұлтан арасындағы өнегесі мол достық қарым-қатынас жайы да өзінен терең тақырыпқа сұранып тұр.

Сөз ретіне қарай тағы бір жағдаятты да тілге тиектеп өткіміз келеді. Бірқатар деректерде сұлтан Бейбарыс таққа отырған соң, өзі туған Қыпшақ даласына арнайы келіп кеткен деп көрсетеді, ал басқа зерттеушілер оны аңызға балайды. Хан Берке мен сұлтан Бейбарыс өте тығыз қарым-қатынаста болғанын жоғарыда айттық өткізі, олай болса екеуі өмірінде бір рет болса да кездескен бе? Жоқ, сол хат-хабар арқылы ғана тілдесіп жүре берген бе? Тағы да жауабы жоқ сұрақ!

Осы жерде айта кетпеске болмайды, көптеген деректерде Бейбарыс хан Беркенің қызына үйленген, содан тақ мұрагері болған ұлы Берке хан туған делінеді. Ал бірқатар мәмлүктанушылар бұл деректі жоққа шығарады, Шыңғысхан ұрпақтарының үздіксіз шабуылынан бас сауғалап, Хорезмшахтан Мысыр топырағына қашып

келген Берке деген кісінің қызына үйленген, кішкентай Берке хан содан туған, алайда хан Беркенің құрметіне есімін солай атаған деп көрсетеді. Қайсысы ақиқатқа жақын? Алдағы уақытта тарихшы-зерттеушілеріміз аражігін ажыратып берер кезекті бір түйткіл осы!

\*\*\*

Бейбарыс сұлтанның руханият саласындағы елеулі еңбектері қандай?

Ол Дамаск шаһарында алғаш рет аз-Захирия атты үлкен кітапхана құрылысын бастап, оны аяқтап, онда дүние жүзінің ең таңдаулы кітаптары мен сирек қолжазбаларды жинақтады. Солайша ондағы кітаптар мен қолжазбалар саны мейлінше молыға түсті, ізденушілер үшін қолайлы орын еді, тек өз қаласы емес, көрші жатқан елдер де кітапханадағы бай рухани мұралармен танысуға ағылып келе бастады. Ғалымдар, ойшылдар, ғұламалар кітапхананың тұрақты қонағына айналды. Біздің ойымызша, осы аз-Захирия кітапханасындағы бай қолжазба мұраларын ыждағаттылықпен зерттесе, Мәмлүктер мемлекеті мен Алтын орда арасындағы дипломатиялық ғылыми және мәдени байланыстар жайынан құнды деректер де табылып қалар. Бұл жайынан өз кітабында Қайрат Лама-Шәріп те атап көрсетіпті. Бұл ойға өз тарапымыздан қосарымыз – тап осы Дамасккіде оныншы ғасыр ширегінде біздің ұлы бабамыз, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби өмір сүріп, өзінің аса құнды трактаттарын жазды. Ол еңбектерінің көбісі, әрине, өз заманында кітап болып басылмай, қолжазба күйінде сақталып қалғаны да белгілі. Егер осы көне кітапхана қорын тағы бір сүзгіден өткізсе, онда ғұлама бабамыздың да әлі жарыққа шықпаған аса бағалы еңбектері табылып қалар ма еді деген үміт оты қылаңдайды.

Сұлтан Бейбарыс өз заманында пошта байланысын да жолға қойып, оны барынша дамытты. Өзі арнайы таңдаған қыпшақ шабандоздары бүкіл араб өңіріндегі қатар жатқан қалаларға құпия хаттар тасыды. Ал кейде Мысырдан алыс шалғайдағы, айталық 1800 шақырым жерде жатқан Евфрат өзені жағалауы бойында болып жатқан шайқас туралы алты күнде (өзгелер

айлап хабар ала алмаған) хабар алып отырған. Тіпті хат-хабар жеткізу мен жауап алып отыруға асырғанды құстарды да үйретіп, керегінше пайдалана білген деседі. Демек, түркілер мен араб әлемінде алғашқы пошта байланысы Бейбарыс сұлтан билік құрған кезде пайда болып, барынша өркен жайды дегуге негіз бар.

Оның заманында кейбір қасиетті сөздер мен уағыздарды тасқа қашап жазу өнері пайда болады. Мұны арабтардың өзі де мойындап, «мұндай тасқа таңбалап жазуды бізге мәмлүктер алып келді» деп атап жазды да. Осылайша, араб елдерін билеген бабамыз тек қана сұлтан болып, тақтың айналасына қамалып қалған жоқ, қайта сол билік орнын пайдалана отырып, асыл дінімізді теріс пиғылды әсіредіңшілдерден қорғады, қасиетті мешіттерді қадірлеуді үйретті, халықтың иманды, адал, шыншыл болуына негіз қалады.

Әл-Асқар мешітінің бас имамы шейх доктор Ахмед ат-Тайеб былай деп жазыпты: «...Ислам әлемі пана етушіге, қорғаушыға зәру болған кезеңде бабаларыңыз Сұлтан Бейбарыс бүкіл мұсылман қауымын қамқорлығына алып, Мекке мен Мединаны жаудан қорғап қалды...» (Қайрат Лама-Шәріптің кітабында).

Тарихтың мынадай сабағы бар. Өз заманында гректің екі ойшыл-философы Платон мен Аристотель дін тақырыбында ұзақ пікір таластырып, бірі дінді философиядан тыс деп, екіншісі дінді философияның бір бөлігі деп қарастырып, бірақ бір тоқтамға келе алмай, арада бірнеше ғасыр өткенде ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби дін философияның сыртында тұрса да, ішінде тұрса да, бәрібір халық жүрегіне берік орныққан биік ұғым екенін дәлелмен түйіндемеуші ме еді. Бейбарыс бабамыз да дін тармақтарын халықтық мәдениетпен, мәдениетті діни түсінікпен астыра отырып, екеуінің бірлігі бар жерде мемлекет пен халық арасында жаймашуақ заман орнайтынын, бірлік пен береке орын алатынын сөзімен де, ісімен де дәлелдеп өтті.

Қысқасы, сұлтан Бейбарыс Мысыр мен Шам шаһарларын басқарған он жеті жыл ішінде көптеген игілікті істерге ұйытқы болып, әсіресе адамзаттың жан әлемін газартуға қызмет ететін руханият саласын шырқау биікке көтеріп кетті.

\*\*\*

Біз өз тарапымыздан айттарымыз – соңғы жеті-сегіз жылда Багдад-Мысыр-Шам-Алеппо аймағында өмір сүріп, артына 200-ге тауар салағана арналған тарқаттарын қалдырған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз жайынан ізденіп, бірқатар ғылыми және әдеби шығармалар жазған едік. Сол еңбектерге материал жинақтау барысында Сұлтан Бейбарыс бабамыз жайлы да көптеген қызғылықты, қазақ оқырмандары түгел біле бермейтін деректерге көзіміз түскен-ді. Енді сол деректерге сүйене отырып, Бейбарыс сұлтан мен Берке ханның арасындағы тығыз байланыс жайын қозғаған драмалық туындыны аяқтап отырмыз. Егер қызығушылық байқататын театр ұжымы табылып жатса, ұсынуға әзірміз!

**Жолтай ӘЛМАШҰЛЫ,**  
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

## МУЗЫКА АКАДЕМИЯСЫ ОСЫЛАЙ ҚҰРЫЛҒАН

1998 жылдың наурызында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Астанада Қазақ ұлттық музыка академиясы ашылды. Оның ректоры болып әлемге әйгілі қазақтың скрипкашы қызы, халықаралық конкурстардың лауреаты, Халық әртісі Айман Мұсақожаева тағайындалды.



Алғаш ашылған музыкалық ұжымға Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваториядан, Күләш Байсейітова, Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық мектептерден және бірнеше облыстық музыкалық колледжінен жоғары оқу орнын бітірген мұғалімдер шақырылды. 1996 жылы Ақмоладағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Музыкалық» факультетінде сабақ беріп, 1997 жылы Ақмола облыстық филармониясын құрып, оның алғашқы директоры болып істедім. 1998 жылы жаңадан ашылып жатқан Қазақ ұлттық музыка академиясына мен де шақырылып, «Вокалды-хор» факультетіне жеке ән салу кафедрасының меңгерушісі болып шөкірт тәрбиелеп, ұжымның уығын қадасып, шаңырағын көтерістім.

Бастапқы жылдары өте қиын болды... Оқу орны – қаланың 4 қабатты музыкалық колледжі. Оқытушылар мен студенттер жатақханада бірге тұрады. Ауылдан келген балалар үшін берілген мектеп-интернат тіпті тар. Студенттерді оқытатын жеке кабинеттердің жетіспеуінен кейде демалыс күндері және мерекелерде шөкірттерімізге дәріс береміз. Екі-үш жылдан соң көпқабатты оқу ғимараты салынып, қолдануға берілгенде, баріміздің қуанышымызда шек болмады. Осыдан кейін жаңадан ашылған опера және балет театры өңшілермен, симфониялық оркестр, үрмелі аспаптар оркестрі музыкалық аспапта ойнайтын музыканттармен түгелдей қамтамасыз етілді. Ректор Айман Қожабекқызы жоғарғы жаққа жазып, айтып жүріп, үлкен ғимарат салуға қол жеткізді. Ол қазір Қазақ ұлттық өнер университеті деп аталып, ауқымы кеңейіп, жаңа факультеттер ашуға мүмкіндік туғызды. Бұл ғимараттың үлкен және кіші концерт залдарында студенттік оркестрлерге білікті, тәжірибесі мол профессорлар дирижерлік етіп, шетел және қазақ классикалық музыкасын орындап, репертуарларын кеңейтуде. Атақты скрипкашы Айман Мұсақожаева демеушілер тауып, студенттік оркестрлерді алыс-жақын шетелдерге алып шығып, ел аралатып, жер көрсетіп, рухтандырып отыратынын өнер адамдары жақсы біледі.

Аянбай еңбек етіп, шөкірт дайындауда жетістікке жеткен оқытушы-ұстаздар жайлы баспанаға, «Еңбек сіңірген қайраткер», профессор атақтарына ие болып, орден-медальдармен марапатталып, білімін жетілдіру үшін алыс-жақын шет елдерге стажировкаға жіберіліп отырады. Бір атап өтерілі, қаншама шөкірттері халықаралық конкурстарда лауреат атанған тамаша педагог, ұйымдастыру қабілеті өте зор менеджер Раиса Мұсақожаева көп жылдар профессор болып, жақсы қызмет атқарды. Ол сіңлісі Айманның шығармашылығынан алыстамай, алаңсыз дайындалып, музыкант ретінде өсіп отыруына ықпал етіп, үлкен септігін тигізді. Қазақтың қаршадай қызының жанкешті еңбегі бағаланып, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілгенде, біз шын жүректен қуандық. Қазақ ұлттық өнер университетін құрып, әлемге аты кеткен әйгілі музыкант Айман Қожабекқызына шалқар шабыт, шығармашылық табыс тілейміз!

**Кенжеғали МЫРЖЫҚБАЙ,**  
**Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты**



Сұлтан СЕЙІТ



# «ЖІБЕК ЖОЛЫ» ЖЫЛДАМ ӨСІП КЕЛЕДІ

Халқының басым бөлігі астанаға келіп жұмыс істейтін елорда іргесіндегі ауылдың ең ірісі – Жібек жолы ауылдық округі. Ақмола облысының Аршалы ауданына қарасты 13 ауылдық округтің бірі, іргесінің қаланғанына 130 жылдан асқан. Астанадан 20 шақырым жерде орналасқан байырғы елді мекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.

Райхан РАХМЕТОВА

Ел ішінде ауыл 2007 жылға дейінгі ресми атауы Александровка ретінде де жақсы таныс. Ауылдың ортасынан Есіл өзені ағып жатыр, қала түтінінен алыс, табиғаты таза округте елордалықтар жаз бойы жиі баратын жұртқа мәлім демалыс базасы да көп. Сондай-ақ ірі және шағын өндіріс орындары да жиі шоғырланған. Атап айтқанда, құс фабрикасы, көкөніс сақтау қоймалары, жиһаз жасайтын кәсіпорындар, сүт өндіретін, шұжық жасайтын шағын цехтар жұмыс істеп тұр. Ауыл халқы, негізінен, осы мекемелерде және астанаға қатынап жұмыс істейді. Шамамен ауылдың 10 мыңдай тұрғыны күн сайын Астанамен араны жол қылады.

## ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР ТОЛАСТАР ЕМЕС

Округке қарасты 4 елді мекен бар. Олар – Жібек жолы, Жалтыркөл ауылдары және №41, №102 разьезд. 2009 жылы мұндағы халық саны 3873 адам болса, қазір ресми тіркелген 11 мыңнан астам, ал негізінде 20 мыңнан астам адам тұрады. Астана-Қарағанды тасжолының бойындағы округке қаладан тікелей 2 автобус, жалпы 4 автобус, яғни №304, 315, 316, 322 қоғамдық көліктері қатынайды.

Ауыл ортасындағы округ әкімдігі ғимаратының сырты мен ішінің ескілігі оның кеңес кезеңінен қалған «жәдігер» екенін танытып тұр. Округ әкімінің орынбасары Серғали Бекенов жақында әкімдік жаңа ғимаратқа көшкелі жатқанын жеткізді. 9 адам қызмет ететін әкімдіктегі мамандар жер қатынасы, әскери комиссариат, тұрғын үй шаруашылығы, әлеуметтік сала және басқа да өзекті жайттар бойынша округ тұрғындарының мәселелерін шешумен айналысады. Ауыл халқы соңғы бірнеше жыл ішінде тез дамып келе жатқаны сонша,

бұрын мұнда 4 шағын аудан ғана болса, қазір олардың саны 11-ге жетті.

– Жібек жолына еліміздің түкпір-түкпірінен көшіп келіп, үй салып жатқандардың көптігінен бірінен соң бірі жаңа шағын аудандар ашылып жатыр. Тіпті олардың инфрақұрылымын салып үлгермей жатырмыз. Бәрі – ретімен, жоспармен шешілетін жұмыстар. Көпшілік мұны түсінбей, су, жол, жарық мәселесіне байланысты жиі шағым айтып келеді, – дейді әкім орынбасары.

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРҒА ҚАЖЕТТІЛІК ЖОҒАРЫ

Өңірлер халқы ауылдың астанаға жақындығы және табиғатының тазалығы әрі күре жолдың бойында орналасқанына байланысты жиі қоныс аударады екен. Сондықтан жаппай халықтың көп келуі

округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайына да өзгеріс әкеліп, күрделі проблемалар тудыратыны белгілі. Мәселен, бұрыннан бар мектеп, амбулатория енді қазіргі нөпір халық үшін тым аздық етіп қалды. Қазіргі таңда Жібек жолы ауылында 1 орыс, 1 қазақ мектебі бар. 240 орындық орыс мектебінде 648 оқушы үш ауысыммен оқиды. Ал Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы 600 орындық қазақ мектебінде 1265 бала білім алады. Әрине, бұл мәселе жергілікті билік назарында, сондықтан қазіргі таңда 300 орындық жаңа мектеп салынууда. Алайда округтегі мектеп жасындағы балаларды толық қамту үшін тағы 2 мектеп салу қажет. Сондықтан ата-аналардың арасында оқушы балаларын астана мектептеріне таситындары да бар. 7 оқушылар автобусы ауыл ішінде балаларды

округтің екі мектебіне тасиды.

Денсаулық сақтау бойынша округте 148 орындық дәрігерлік амбулатория мен «SKDent» жеке меншік стоматологиясы жұмыс істейді. Бұлар да халықты денсаулық сақтау жағынан толық қамтуға тым аздық етеді. Емхананы заң бойынша тек ресми тіркелген халқының саны 30 мыңнан асқан елді мекендерде ғана салуға рұқсат етіледі екен. Инвесторлар көмегімен мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін жеке емхана биыл күзде ашылмақ.

Барлық ауылдар секілді мұнда да мәдени орындар жоқ. Өткен жылы басты көшелердің біріне Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған аллея ашылды. Инвесторлар көмегімен спорт нысандары да былтырдан бастап ашыла бастады. Сондай спорт-сауықтыру кешенін салуға жобалық-сметалық құжаттама

дайын болып, ақшасы бөлінді. Былтыр 4 шағын ауданда балалар алаңы салынып, пайдалануға берілді. Биыл тағы төртеуін ашу көзделуде.

Балалардың мәдени өмірге араласуына мектептердегі үйірмелер септік етіп тұр. Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы мектепте 12 үйірме жұмыс істейді. Атап айтқанда, бокс, тоғызқұмалақ, баскетбол, волейбол, футбол, шахмат, би, домбыра, қазақша күрес, үстел теннисі, еркін күрес үйірмесіне 610 оқушы қатысады. Ал орыс мектебінде 5 үйірме, 3 секция бар. Баскетбол, волейбол, футбол секциясына жалпы 140 оқушы қатысады. «Юный спасатель», «Жас сарбаз», «Юные таланты», «Лидер» дебат клубына, «Адал ұрпақ» мектеп клубына жалпы 104 оқушы барады. Барлық үйірме мен секция тегін.

## ЖОЛ, СУ, ЖАРЫҚ МӘСЕЛЕСІ ӨТКІР

Округте 200 км ауылшілік жол, 112 көше, 22 аялдама бар. Әкімдік жолдар жоспарға сай жөнделіп, су құбыры ішінара тартылып, көшелер ретімен жарықтандырылып жатыр дейді. Ал өз тұратын жердің мәселесін көтерген тұрғындар бұл жұмыстар ақырын жүріп жатыр деп санайды. Тасжол жоқ ауыл ішілік жолдарда көктем мен күзде жер иленіп, тұрғындар жүруге жол таппай қалады екен. Осы шағыммен олар республикалық телераиаларға биыл да хабарласып, қиындықтарын жария еткен. Ауыл тұрғыны Т.Свагузов осы ауылда он жылдан бері тұрады.

«Содан бері әлі жол да жоқ, жарық, су, газ да жоқ. Ай сайын

штаб болады. Аныны істейміз, мынаны істейміз деп бір шұқып кетеді» дейді ол.

Әкімдік өкілдерінің айтуынша, газ құбыры былтыр жүргізіліп, үйге дейін жетіп тұрғанмен, әзірге жаңа шағын аудандардың көбеюінен қосылмай тұр. Сондықтан халық тек көмір пайдаланып отыр. Су мәселесі де жаңа құрылыстар жүріп жатқан шағын аудандар үшін өзекті. Ауылдың ескі жағында су құбыры бар, ал жаңа шағын аудандарда ішінара ғана жеткізілген. Бірқатарына су құбыры жүргізілгенмен, опрессовка жасау қажеттілігіне байланысты әлі су берілмеді.

«Астана» телераиасына сұхбат берген Аршалы ауданы қала-құрылыс және құрылыс бөлімінің басшысы Олжас Садуов Жібек жолы ауылындағы 6, 7, 8 шағын аудандарда үш жоба жүзеге асырылып жатқанын айтқан.

«Бұл үш жоба су, жол және электр желісімен байланысты. Бүгінде жұмыстар кесте бойынша жүргізіліп жатыр. Қарастырылған қаражат толығымен бар» деген еді ол.

Айтуына қарағанда, жарық мәселесі биыл қыркүйек айында шешіледі. Ал жол мәселесі содан кейін аяқталмақ. Бірақ су құбыры биыл жүргізілмейді, яғни таза ауызсуға қол жеткізу әзір мүмкін емес. Қоғамдық тәртіпті әкімдікте отыратын 6 учаскелік полиция қамтамасыз етеді. Ауыл жамағаты құлшылық ететін 300 адамдық Жібек жолы мешіті былтыр ашылды. Одан бөлек, жеке бір адам өзі салған тағы бір мешіт бар.

Астананың өзіне болмаса да, айналасына тұрақтап, елордадан нәпақасын табуға келген халық Жібек жолы сияқты жақын ауылдарға әлі де тоқтамай келу үстінде. Сондықтан жыл сайын кеңейіп, халқы көбейіп жатқан ауылда шешімін күтетін мәселелер де шыға беретіні анық. Оны дер кезінде аңғарып, қаржы бөлгізіп, сол қаржыны шашауын шығармай дұрыс игеріп, біраз мандай тер төгіп, ел үшін қажырлы еңбек етілсе, халықтың шағымы да азаяр.



## БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ келесі Астана қаласы әкімдігінің ШЖҚ МКК байқау кеңестері мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды:

Қалалық психикалық денсаулық орталығы, №3 көпбейінді қалалық ауруханасы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес, денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

- 1) сотталығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжат-

тардың көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 419-кабинет, 55-68-39.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 13 сәуір.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 12 мамыр.

2023 жылғы 17-21 сәуір аралығында сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін (үзіліс уақыты: 13:00-ден 14:00-ге дейін) «М32» ЖШС-те Астана қаласы бойынша Есіл ауданында тіркелген азаматтарды тегін тіс емдеу және протездеуге жазу келесі санаттар бойынша жүргізіледі:

- \* ҮОС мүгедектері және ҮОС мүгедектері, соған теңестірілгендер (Чернобыль, Ауған соғысы ардагерлері);

- \* Жасы бойынша зейнеткерлер (ер кісілер – 63 жас, әйел кісілер – 61 жас);
- \* I, II, III топтағы мүгедек тұлғалар;
- \* Көпбалалы аналар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар санатынан (аналар), АӘК алушылардың қатарынан);
- \* Мүгедек бала асырап отырған отбасы (ата-анасының біреуі).

**Жазу онлайн режимде жүзеге асырылады. Бұл жазу**

**форматы халық арасында жұппалы аурулардың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған.**

**Байланыс телефондары: Есіл ауданы: 64-40-02, 8-778-543-21-13, 8-701-456-32-09.**

Құжаттар тізімі:  
\* ҚР жеке куәлігі;  
\* Жасы бойынша зейнеткер куәлігі;  
\* I, II, III топтағы мүгедек екенін растайтын куәлік.

## ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

